ZHETYSU UNIVERSITY
1972

# Jetisý ýnıversıteti

№10 (235)
27 qazan
2023 jyl

JETISỲ OBLYSTYQ QOĞAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ




## РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

***Құрметті әріптестер!***

*Сіздерді республикамыздың әр азаматы үшін айтулы мереке – 25 қазан Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!*

*Тәуелсіздігіміздің алтын тұғыры, елдігіміздің бастауы саналатын Республика күнінің маңызы зор. Бұл күн – егемендік алуға зор үлес қосқан еліміздің жалынды жастарының ерлік істеріне, батырларымыздың рухына тағзым ету күні.*

*Дәл осы күні 1990 жылы Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл тарихи құжат – ел тәуелсіздігінің алғашқы қадамы болды.*

*Осы орайда, бұл күнге ерекше құрметпен қарап, мерекенің мән-маңызын жас ұрпаққа кеңінен насихаттауымыз керек.*

*Жаңа мазмұнды ұлттық мерекеде баршаңызға зор денсаулық, игілік пен бақыт, ынтымағы жарасқан ырыс тілеймін!*

*Еліміздің ғылымы мен жоғары білімінің дамуы, кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларың сәтті болсын.*

*Көкбайрағымыз бейбіт аспан астында желбіреп, әлемге таныла берсін.*

*Мереке құтты болсын!*

***Қуат БАЙМЫРЗАЕВ,***
***Басқарма төрағасы – Ректор.***



# ЖУ-ДА ИТАЛИЯ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ФИЛИАЛЫ АШЫЛАДЫ




Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма төрағасы-ректор Қуат Баймырзаев бастаған университет делегациясы Италияның Марке политехникалық университетіне іссапармен барды. Ондағы мақсат - екі университет арасында ынтымақтастық орнату. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде техникалық мамандардың тапшы екенін және бұл бағытқа үкімет тарапынан ерекше көңіл бөлінуі керегін жиі айтады. Осы орайда өңірді білікті техникалық мамандармен қамтамасыз ету үшін шетелдік озық оқу орындарымен тәжірибе алмасу маңызды. Университет басшылары қос дипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асыру, бірлескен ғылыми зерттеу жүргізу, профессорлық-оқытушы құрам және студенттерді академиялық ұтқырлық бойынша алмасу және Жетісу университетінде Марке политехникалық университетінің филиалын ашу туралы меморандумға қол қойды. «Марке политехникалық университеті биомедициналық, әлеуметтік ғылымдар және менеджмент саласына маман даярлайтын үздік университеттердің бірі. «Біз сіздермен ынтымақтастықта жұмыс жасауға қуаныштымыз. Екі елдің білімін дамытуға үлес қосатынымызға сенімдімін», – деді кездесуде ректор Gian Luca Gregori. Айта кетсек, Марке политехникалық университеті (UNIVPM) мемлекеттік, коммерциялық емес оқу орны. Білім ордасы Италияның Анкона қаласында орналасқан. Университет QS әлемдік рейтингісіне енген.

**РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ!**





**ҚАЗАҚ БИДАЙЫНЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ҚҰПИЯЛАРЫ ҚАНДАЙ?**

**ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ ТАШКЕНТКЕ САПАРЫ**





**СБЕРЕЖЕМ НАШ ОБЩИЙ ДОМ**

2 бет
4 бет
6 бет
8 стр.

№10 (235)
27 qazan,
2023 jyl
Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00



# РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ!

ЖУ-да «Республика күні – ұлттық мереке!» атты кеш өтті. Салтанатты шарада Басқарма Төрағасы-Ректор Қуат Баймырзаев құттықтау сөз сөйлеп, университеттің дамуына үлес қосып жүрген оқытушылар мен бірқатар қызметкерлерді марапаттады. Атап айтсақ, педагогика ғылымдарының кандидаты, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Ғалия Қыдырбаева, «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін төсбелгісімен» марапатталды.

Тарих ғылымдарының кандидаты, құқық және экономика жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері Салтанат Тинистанова, Білімгерлерге қызмет көрсету орталығының менеджері Альмира Гизатова Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасына ие болды.

Спортклуб оқытушысы М. Кажыканов, Үздіксіз білім беру институтының әдіскері С. Закарина, Молекулалық генетика және геномика зертханасының меңгерушісі, PhD докторы Қ. Ермекбаев, Персоналды басқару және құжат айналымы бөлімінің бас маман Н. Бахытханқызы, Жастар орталығының басшысы А. Самен Ғылым және жоғары білім министрінің Алғыс хатымен марапатталды.

Сондай-ақ, Басқарма Төрағасы-Ректордың Құрмет грамотасымен әрі Алғыс хатымен оқытушылар мен университет қызметкерлері марапатталды.

Мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасын тапты.

# ПОЛЬШАДАҒЫ КЕЗДЕСУ



Польша республикасында Катовице бизнес университетінің ректоры PhD докторы, профессор Марта Адамчикпен және Құқық және экономика жоғары мектебінің докторанты Д.А. Дигаймен шетелдік ғылыми тағылымдама аясында кездесу өтті.

Кездесу барысында докторлық диссертация мен шетелдік ғылыми кеңесші, заң ғылымдарының докторы, профессор Даниэль Войчакпен бірлескен ғылыми мақала жазу үшін қажетті материалдарды жинақтау мақсаттары мен міндеттері талқыланды.

Кездесуге сондай-ақ Жетісу университетімен ұзақ жылдар бойы ынтымақтасып келе жатқан профессорлар - кафедра меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, профессор, Польша Парламенті Сенатының сарапшысы - Анджей Бештыга және экономика ғылымдарының докторы, профессор Стефан Дырка қатысты.

# ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СТАНДАРТТАР КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

ЖУ-да дүниежүзілік стандарттар күніне орай «Стандарттар – әлем сөйлейтін тіл» атты жастар форумы өтті. Форумды Техникалық ғылымдар жоғары мектебі ұйымдастырды.

Форум ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы Қуаныш Елікбаевтың видео құттықтауымен басталды.

Жиында алғашқы сөз кезегін І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Бауыржан Таубаев алды. Техникалық ғылымдар Жоғары мектебінің деканы Ерлан Андасбаев студенттерді мерекемен құттықтап, бұл күннің ерекшелігін атап өтті.

Салтанатты шара соңында университеттің студенттік және қоғамдық өміріне белсенді қатысқаны үшін «Стандарттау және сертификаттау» білім беру бағдарламасының бірқатар студенттері марапатталды.

Шараға «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ Талдықорған филиалының «Өлшем бірліктерін салыстыру және метрологиялық тексеру бөлімінің» басшысы Айнұр Бейсенова, ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы - Жетісу облысы бойынша мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы Бибігүл Омарова қатысып, Ректордың Алғыс хатын алды.



# АҚШ-ТЫҢ НЕБРАСКА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРОФЕССОРЛАРЫ КЕЛДІ

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне АҚШ-тың Линкольн қаласындағы Небраска университетінің профессорлары келді. «Қазақстанда агробизнесті дамыту бойынша білім беру бағдарламаларын жаңғырту» жобасын іске асыру шеңберінде құқық және экономика жоғары мектебінің профессор-оқытушылар құрамы және студенттері шетел профессорларымен кездесуі өткізді. Жобаға АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігі демеушілік жасады.

Жобаның негізгі мақсаты АҚШ пен Қазақстанның жоғары оқу орындары арасындағы әріптестікті дамыту және агробизнеспен айналысу бойынша білім беруге жәрдемдесу.

Кездесуде Небраска-Линкольн университетінің оқыту процесі қарастырылып, сондай-ақ ENGLER агробизнесінде кәсіпкерлікті дамыту бойынша білім беру бағдарламасының дәрісі оқылды.

Жоба үйлестірушісі және төрағасы, Nebraska Extension білімін тарату жөніндегі маманы, Небраска-Линкольн университетінің профессоры Эндрю Зимброф және кәсіпорындармен жұмыс істеу маманы Бреннан Костелло сөз сөйлеп, ортақ жобалар бойынша бірлесіп жұмыс жасауға дайын екендігін айтты.

Университет өкілдері қонақтарға сүт фермасы мен мал тұқымын асылдандыру станциясын көрсетті. Экскурсияның мақсаты: Жетісу өңіріндегі агробизнестің дамуын, ғылыми зерттеулер тәжірибеде қалай қолданылатындығын көрсету.



# АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Талдықорған қаласының жалпы білім беру ұйымдарын аяқтаушы түлектерге Құқық және экономика жоғары мектебін таңдаған оқушылар үшін «Ашық есік күні» өткізілді. Жиын университеттің №1 оқу ғимаратында өтті. Шараға 300-ден аса болашақ жас білімгер қатысты.

Кездесу талапкерлерге жоғарғы оқу орны жайлы толық мағлұмат беріп, дұрыс таңдау жасауда кәсіби көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылды. Ашық есік күнінде қатысушылар университет жүйесімен кеңінен танысты. Оның ішінде құрылымдық бөлімдер жұмысын көріп, құқық және экономика жоғары мектебінің барлық білім беру бағдарламалары бойынша ақпараттар алды. Ғылыми зертханалар, теле және радиостудия, кітапхана мен жастар орталығы, стартап және мұражай залдарында болды.

Таныстырылым кезінде университеттің білім беру бағдарламалары, ғылыми жобалар, жастарға арналған мүмкіндіктер жайында анықтама берілді. Сонымен қатар Жетісу университетінің халықаралық бастамалары мен қабілетті буынды демеу жолындағы жұмыстары жайлы айтылды. Талапкерлер құқық және экономика жоғары мектебінің ғылыми әлеуетін іс жүзінде көре алды.

Жиынға қатысушылар университет оқытушылары және қызметкерлерімен тілдесіп, білім алуға және оқуға қабылдауға байланысты өз сұрақтарын қойды. Сондай-ақ белсенді білімгерлермен студенттік өмір жайлы еркін сұхбат құрды. Жалпы, ашық есік күніне қатысу арқылы оқушылар университетпен жақын танысып, жаңа көзқарас қалыптастырды. Бұл жастардың Жетісу университетінің білімгері болып, үздіктер қатарын толықтыруға мүмкіндік береді. Осы іс-шара әр жоғары мектепте желтоқсан айына дейін жалғасатын болады.




# СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДАҒЫ СПАРТАКИАДА

Жуырда І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенттері арасында спартакиада жарыстары өтті. Жарыс (жеңіл атлетика тоғызқұмалақ, гір көтеру, жүзу, кермеге тартылу, стол теннисі) спорттың 6 түрі бойынша өтті. Жарысқа барлығы 190 студент қатысты. Нәтижесінде жүлделі І орынға Жансүгіров колледжі лайық деп танылды. Ал ІІ орынды Техникалық ғылымдар жоғары мектебі, ІІІ орынды Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі алды. IV орынға Жаратылыстану, V орынға Құқық және экономика, VI орынға Педагогика және психология жоғары мектептері ие болды.

*Бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.*



**ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ, ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, РЕСЕЙ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ПРОФЕССОРЫ, ҚР ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КОРРЕСПОНДЕНТ-МҮШЕСІ, ЖАНСҮГІРОВ КОЛЛЕДЖІНІҢ ДИРЕКТОРЫ МӘЛТЕКБАСОВ МАРАТ ЖАБЫҚБАЙҰЛЫ 65 ЖАСЫНДА ДҮНИЕДЕН ОЗДЫ.**

# КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ, БІЛІКТІ БАСШЫ

Марат Жабықбайұлы 1958 жылы 8 наурызда ұлағатты ұстаздар отбасында дүниеге келген. Әкесі Жабықбай, анасы Дәметкен ауыл-аймаққа сыйлы, зиялы адамдар еді. Бала кезінен ұстаздық жолды таңдаған Марат Жабықбайұлы 1975 жылы мектепті тәмамдап, 1976 жылы Ресейдің Томск қаласындағы «Басқарудың автоматтандырылған жүйесі және радиоэлектроника» институтына оқуға түсті. 1981 жылы аталған институтты бітірді. Ресейлік оқытушы-ғалымдардан дәріс алып, болашақ мамандығын жан-жақты игерген Марат Жабықбайұлы Жетісу жеріндегі Талдықорған педагогикалық институтына жұмысқа келді. Жас маманды құшақ жая қарсы алған жоғары оқу орны оны жалпы физика және физиканы оқыту әдістемесі кафедрасының аға лаборанты қызметіне қабылдады. Алғыр, білім-ғылымға құштар, әр іске үлкен жауапкершілікпен қарайтын жігерлі жас маман іскерлік қасиеттерінің арқасында көп ұзамай физика және физиканы оқыту әдістемесі кафедрасының оқытушысы, теориялық физика және техникалық пәндер кафедрасының стажер-ізденуші қызметтеріне көтерілді.

Мамандығын терең меңгеруді, ғылыми жұмыстармен шұғылдануды көздеген Марат Жабықбайұлы 1987 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың аспирантурасына оқуға түседі. Аспирантураны ойдағыдай тәмамдап, 1991 жылы өзі қызметін бастаған І.Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтына қайта келеді. 1991 жылы маусымда «Қатты дене физикасы» мамандығы бойынша диссертация қорғайды. 1994 жылы электрорадиотехника кафедрасының аға оқытушысы қызметіне қабылданады. Айналасы бір жылдың ішінде ұйымдастырушылық қабілетімен, біліктілігімен көзге түскен оқытушы, 1995 жылы аталған кафедраның меңгерушісі қызметіне тағайындалады.

Алдыңғы толқын ағалардың ақыл-кеңесін тыңдай жүріп тәжірибе жинақтаған Марат Жабықбайұлы жастарды оқыту мен тәрбиелеуде талмай еңбек етті. Ұйымдастырушылық, адамгершілік, парасаттылық қасиетімен ұжым ортасында беделі арта түсті. 1999 жылы инженерлік-экономикалық факультет деканы болып сайланды. Факультет жұмысын «ұршықша иірген» декан 2001 жылдың қыркүйегінде университеттің оқу және ғылыми жұмысы жөніндегі проректоры қызметіне тағайындалды. 2004 жылдың ақпанында оқу жұмысы жөніндегі проректор, 2008 жылы ұйымдастыру, оқу жұмыстары және студенттік мәселелер жөніндегі проректор, инновациялық жұмыс және стратегиялық даму бойынша проректоры, колледж директоры қызметін атқарды.

Марат Жабықбайұлы оқытушы-профессорлық қызметтен бөлек қаланың, облысымыздың, қоғамдық жұмыстарына да белсене атсалысты. 2006 жылдан бастап үш шақырылымда Талдықорған қалалық мәслихатының депутаты, 2016 жылы Алматы облыстық мәслихатының депутаты болып сайланды.

***- 2002 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері үшін» төс белгісімен;***
***- 2003 жылы «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгілерімен;***
***- 2009 жылы Ы.Алтынсарин атындағы медалімен;***
***- 2013 жылы А.Байтұрсынов атындағы күміс медалімен;***
***- 2011 жылы – Қазақстан Республикасының Президентінің және Нұр Отан партиясының 15-жылдығына орай, партия төрағасының Алғыс хатымен;***
***- 2014 жылы – «Қазақстанның мәслихаттарының 20 жылдық» мерекелік медалімен;***
***- 2015 жылы – ҚР Ассамблея төрағасы, ҚР Президенттің қолымен Қазақстан халқының Ассамблеясының құрмет грамотасымен;***
***- «Қазастан Республикасының Конституциясының 20 жылдық» мерекелік медалімен;***
***- 2016 жылы «ҚР Тәуелсіздігіннің 25 жылдық» мерекелік медалімен;***
***- 2019 жылы «Маслихаттың 25 жылдық» мерекелік медалімен;***
***Ақсу ауданының және Талдықорған қаласының Құрметті азаматы.***

Жастайынан білім мен ғылымға ден қойған Марат Жабықбайұлының республикалық және халықаралық баспалардан жарық көрген алпыстан астам ғылыми еңбектері, оқу құралдары мен монографиялары бүл күнде республика көлемінде оқу үрдісінде пайдаланылуда. 2010 жылы «кәсіптік білім» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын сәтті қорғап, педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алды.

Марат Жабықбайұлы инновациялық патент иеленген өңіріміздегі бірден-бір жаңашыл ғалым. 3 монография, 5 оқулық құрал, республикалық және халықаралық басылымдарда жарық көрген 100 ғылыми мақаланың авторы. Оның жетекшілігімен 12 магистрлік диссертация қорғалды. Ол ресейлік жаратылыстану академиясының сертификатын алып, «Ученые России» энциклопедиясына енген ғалым. Инновациялық патент – өнертапқыштық құжат екенін ескерсек, Марат Жабықбайұлының ғылым саласындағы еңбегінің маңызы зор екендігі көрінеді.

Өмір жолын отандық білім мен ғылымды дамытуға, жастар тәрбиесіне бағыштаған Марат Жабықбайұлы өнегелі отағасы, адал жар, сүйікті әке. Жұбайы Ғалия Айдарбекқызымен ұл мен қыз тәрбиелеп, бұл күнде өсіп-өнген әулетке айналды. Оның жарқын бейнесі әріптестерінің жүрегінде мәңгі сақталады.

*ЖУ ұжымы.*

# ОЛ ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЕДІ...



Қазақ тілтану ғылымы ауыр қазаға ұшырады. Белгілі тілші-ғалым, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Сарбасова Қарлығаш Базарбекқызы 70 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Қарлығаш Базарбекқызы Алматы облысы Сарқан ауданы Амангелді ауылында 1954 жылы 1 қаңтарда дүниеге келген. 1970 жылы Пограничник орта мектебін үздік бітіріп, 1970-1975 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының филология факультетінде оқып, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша тәмәмдады.

1975-1979 жылдар аралығында Пограничник орта мектебінде мұғалім, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, 1979-1981 жылдары Сарқан аудандық оқу бөлімінде әдіскер қызметін атқарған. 1981-1990 жылдары Талдықорған қаласындағы №20 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарып, 1989 жылы республикалық аттестация қорытындысы бойынша «Әдіскер-мұғалім» атағын алған. 1990 жылы Талдықорған педагогикалық институтында қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы ашылып, қазақ филологиясы кафедрасына аға оқытушы қызметіне қабылданған. Сол уақыттан бастап өмірінің соңына дейін осы жоғары оқу орнында оқытушылық қызмет атқарды.

1999 жылы ф.ғ.д., профессор Алтай Сәрсенұлы Аманжоловтың жетекшілігімен «Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдердің лексика-семантикалық сипаты» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. 2004 жылы тіл білімі бойынша доцент (қауымдастырылған профессор) ғылыми атағын алды. 2016 жылы І.Жансүгіров атындағы ЖМУ-дың Ғылыми Кеңесі шешімімен академиялық профессор атағы берілді.

Қарлығаш Базарбекқызы 2008-2011 жылдары қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Сол жылдарда «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» (бакалавр), «Журналистика» (бакалавр), «Қазақ тілі мен әдебиеті» (магистратура), «Қазақ тілі мен әдебиеті» (докторантура) білім беру бағдарламаларының ашылуына мұрындық болып, кафедраның қызмет көрсету аясының кеңеюіне және республика, облысқа қажетті мамандар даярлау ісінің оң жолға қойылуына өз үлесін қосты. «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығында аға ғылыми қызметкер ретінде І.Жансүгіров шығармалары тілін зерттеп, сөздігін жасап, «Іліястану» оқулығын жазуға қатысты.

Өмірі өнеге, жүрген жолы жас ұрпаққа үлгі Қарлығаш Базарбекқызының қазақ тілтану ғылымына қосқан еңбегі орасан. Өзінің саналы ғұмырында төл тілімізді тереңінен зерттеп, қазақ тілінің лексикология саласында ғылыми еңбектер жазып қалдырған. Ғалымның 100-ге жуық ғылыми мақалалары шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда жарияланып, өзге зерттеулерге өзек болған.

Қарлығаш Базарбекқызы «Қазақ тіліне арналған жаттығулар (фонетика)», «Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі», «Қазіргі қазақ тілі (Лексикология. Фразеология)», «Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдер», «Медиамәтін және саяси метафора», «Жетісу гидронимдері» атты оқу құралдарының, «І.Жансүгіров шығармаларының тілі» атты монографиянның, «Құлагер» поэмасы тілінің сөздігі» авторы, ұжымдық «Ілияс Жансүгіров: энциклопедиясы», «Ілиястану» оқулығы, «Іліястану» орталығының көкжиегі» атты танымдық жинағының жазылуына үлес қосты.

Ұлағатты ұстаз өнегелі ғұмырында мыңдаған білімгер тәрбиелеп, олар қазіргі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етуде. Осы уақытқа дейін «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша 1 философия докторын (PhD), 20-дан астам ғылым магистрін дайындап шығарды.

Педагогикалық қызметтегі табыстары үшін «Ы. Алтынсарин» медалімен (2010), І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің дамуы мен кемелденуіне қосқан зор үлесі әрі ғылым саласындағы үздік жетістіктері үшін «І.Жансүгіров» төсбелгісімен (2016), «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен (2022) марапатталған.

Ұлағатты ғалым-ұстаздың университеттің қалыптасуы мен дамуына қосқан еңбегі зор. Қадірлі ұстазымыздың жарқын бейнесі университет тарихының шежіресінде үлкен әріптермен жазылып қалады. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дегендей артында қалған мол ғылыми мұрасы барда, ізін жалғайтын мыңдаған шәкірттері барда ғалымның рухы өшпейді. Бақұл болыңыз, асыл ұстаз!

**Филологтарды даярлау БББ-ның ұжымы.**

# "АЙЫРЫЛЫП ДОСТАН ЖАНЫ ІЗГІ, АУЫРЛЫҚ БАСТЫ, СЕЗЕМІН..."

Қарлығаш Базарбекқызы екеуіміздің достығымыз ширек ғасыр бұрын басталған. Өз басым Қарлығаштың достықты қадірлей, сыйластықты құрметтей білетін қасиеттерін атап өткім келеді. Қамқорлық танытқаны бөлек әңгіме. Орыс тілінің маманы, оның үстіне орыс тілді ортаның түлегі болғандықтан, қазақшаға шорқақ едім. Сонда да үйренесің, меңгересің деп кафедрада қалуыма үлкен ықпал етті. Мені қазақ қызы, қазақи ой-өрісімді қалыптастырып, саналы түрде қазақ тіліне жол ашты.

Ауыр 90-шы жылдардың басында Талдықорғанға көшіп барғанбыз. Қалада не жақындарымыз, не туысымыз жоқ. Бұл қалада маған Қарлығаштай дос кезігетінін білмеппін. Құдай өзі сол кездесуге ықпал еткен шығар. Содан бері жұбымыз үзілмей, әзіліміз жарасқан құрбы болдық. Әріптестері мен айналасындағыларға рухани да, материалдық та қамқорлық жасай алды. «Қанатымен су сепкен қарлығаштай» деген тіркес оған арналып айтылғандай. Қарлығаштың осындай биік адами қасиеттерін бірі білсе, бірі білмес.

Қарлығаш ұрпақ тәрбиелеуге ұзақ жылдар үлкен үлес қосқан ұстаз. Бұл салаға жан жылуы жалындап, мейірбандық пен жомарттық деген қасиеттерді бойына сіңірген абзал жандар ғана келетіні сөзсіз. Қарлығаштың шәкірттері мектеп оқушылары атағынан студент, магистрант, докторант дәрежелеріне дейін сатылап өсіп жатқанын көрдік. Еңбектері де сол деңгейде жарияланып келді.

Қимас құрбым, жарқын бейнең, пәк көңілің, ниетің мен пиғылың жадымда, өмірімде дос болғаныңа разымын. Жаның пейіштің төрінен табылсын!

**Меңсұлу СӘЛІМГЕРЕЕВА,**
**І.Жансүгіров университетінің ардагер-ұстазы.**

# ҚАЗАҚ БИДАЙЫНЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ҚҰПИЯЛАРЫ ҚАНДАЙ?

## *Қазақстандық зерттеуші түсіндіріп берді*

Бидай - тек Қазақстанда емес, сонымен қатар, әлемде ең маңызды бес экономикалық дақылдың бірі. Мысалы, елімізде өндірілген астықтың жобамен жартысы, 6-7 миллион тоннасы алыс-жақын шетелдерге, әсіресе, дамушы мемлекеттерге экспортталады. Сондықтан Қазақстанның әлемнің тағам қауіпсіздігіне қосар үлесі ерекше. Соңғы деректер бойынша, кейінгі жылдары еліміздегі бидай экспорты 17 пайызға артқан. Биылдың өзінде 2,3 миллион тонна қазақ бидайы ТМД елдеріне экспортталып үлгерген. Оның ішінде ең көбі көршілес Өзбекстанға экспортталған. Экономикалық дәнді-дақылдардың ішінде бірінші саналатын бидайдың



еліміздегі дамуын зерттеумен айналысып жүрген білікті мамандардың бірі - Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Молекулалық генетика және геномика зертханасының меңгерушісі Қанат Ермекбаев. Ол еліміздегі қазақ бидайының өндірісі, оны дамытуда қолданылып жүрген жаңа ДНҚ технологиялар жайлы айтып берді.

"Ол кездері биотехнология ғылымы қатты дамымағаннан кейін көп адам диплом үшін оқып жатады ғой. Біз де құр қалмайық деп диплом үшін оқыдық. Кейін мамандығым бойынша заманауи технологиямен жабдықталған зертханаға жұмысқа орналастым. Бірден "Біздің елімізде де осындай зертханалар бар екен ғой" деген ой келді. Зертханада істеліп жатқан жұмыстар ұнап, өзімнің де қызығушылығым артып, іздене бастадым. Кейін магистратура, докторантураға түстім. Осылайша, қызығушылығым ашыла бастады", - дейді маман.

Алайда бастапқыда бидай - зерттеу материалы ретінде аса қызығушылық тудырмаған. Оған себепші болған - Қанаттың докторантурадағы зерттеу жұмысы.

"Генетиктер бірнеше өсімдік түрімен қатар жұмыс істейді. Магистратурадағы зерттеу жұмысым ДНҚ-маркерлерді қолданумен Қазақстанның жабайы арпасының генетикалық алуан түрлілігін зерттеу болды. Кейіннен докторантураға "Болашақ" бағдарламасымен Ұлыбританияға John Inness Centre-ге түстім. Бұл ғылым ордасындағы ең мықты бөлімдердің бірі - дәнді-дақылдар генетикасы, ал ол жердегі басты дақыл - бидай. Қазақстанда да осы бидайдың маңызы өте жоғары. Себебі бүкіл экономикалық дәнді-дақылдардың ішінде бидай бірінші орында. Мысалы, 23 миллион гектар жер болса, соның жартысы 11 миллионы бидайды алып жатыр. Сондықтан бидайды ішкі және сыртқы нарыққа экспорттайтын алпауыт елдердің ондығындамыз", - дейді Қанат Ермекбаев.

Бүгінде Қанат Ермекбаев PhD бойынша зерттеу жұмысымен айналысып жатыр. Ол Қазақстанмен тікелей байланысты."Кезінде Еуроодақ қаржыландырған "ADAPTAWHEAT" бағдарламасы болған. Алматыдағы Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институтының Өсімдіктердің молекулалық генетика зертханасында қызмет етіп жүргенде, біз соның бір мүшесі болдық. Сол кезде осы жұмыстың басы басталып еді. Ал мен докторантурада білім алып жатқан кезде соның жаңа екінші кезеңін жүзеге асырдық. Сондықтан докторлық зерттеуімнің басты мақсаты қазақ бидайының өнімділігі мен бейімделуінің генетикалық құпияларын зерттеу болды. Біз сандық генетиканың заманауи тыңғылықты әдістерін қолданумен қазақ бидайының бейімделуі мен өнімділігін генетикалық тұрғыда қалай бақылауға болады деген сұраққа жауап іздедік?" - дейді ол.

Зерттеушінің сөзінше, өнімділік өте күрделі белгі саналады. Оның компоненттерін түсінбей жатып, өнімділікпен тікелей жұмыс істеу мүмкін емес. Соның ең маңызды компонентінің бірі өсімдіктің бойы екен.

"Себебі өздеріңізге белгілі, 60-жылдары жасыл революция басталды, сол кезде маңызды экономикалық дақылдар - бидай, арпа, сұлы, күріш секілді өсімдіктердің Rht гендерін қоданумен бойын қысқарту арқылы оның өнімділігін еселеп арттырды. Бұл үрдіс негізінен өсіру ортасы қолайлы Еуропада орын алды, ал киматтық жағдайы континентальді Қазақстан секілді мемлекеттер қатты пайдасын көре алмады. Алайда соңғы жылдары климаттық жағдайы елімізге өте ұқсас Канада және Аустралия сияқты мемлекеттер аталған гендерді басқа да маңызды гендермен біріктіре отырып, өз орталарына бейімдеп, өнімділікті едәуір арттырды. Бірақ біз қазақ бидайын аталған маңызды гендер бойынша генетикалық тұрғыда сипаттап бере алған жоқпыз. Осы күнге дейін Қазақ бидайының бойы қандай гендермен бақыланатыны белгісіз болды.

Сондықтан докторантура барысында геномдық селекцияның тыңғылықты тәсілдерін қолданып, қазақ бидайының бойын басқаратын екі маңызды генді таптық. Елімізде өсімдік селекциясы негізінен дәстүрлі әдістерге негізделгендіктен, бидай селекционерлері аталған гендерден хабары аз немесе мүлдем жоқ деп айтсақ та болады. Ең қызығы, біз Қазақстанның басты бидай өндіруші аймақтарында жүргізген көпжылдық зерттеулеріміздің нәтижесінде бұл гендерден келетін өнімділікті арттырушы маңызды факторларды анықтай алмадық. Сондықтан еліміздің бидай селекциясында аталған гендерге қарсы селекциялық жұмыстар жүргізу ерекше қызық әрі пайдалы агрономиялық талпыныс болар еді. Ол үшін бізде қазақ бидайының генетикалық картасы бар. Ал генетикалық карта дегеніміз - қазақ бидайының бойында бар барлық ген нұсқаларының графикалық сызба нұсқасы", - дейді маман.

"Сол өсімдіктің бойына байланысты гендерді табу үшін бір ғана генетикалық картамен карталанушы популяция жасадық. Ал карталанушы популяция деген - екі сортты шағылыстырғанда шығатын ұрпақтар. Біз екеуін істедік, соның нәтижесінде бірнеше ген алдық. Қазіргі таңда Жетісу университетінде Ғылым комитеті қаржыландыратын жобамыз бар, онда біз осындай тәсілді ауқымды аламыз. Мысалы, бір ғана карта емес, 4 генетикалық картамен 4 карталанушы популяция шығардық. Оның қандай ерекшелігі бар? Оны шығару жолының өзі ерекше. Себебі жалғыз дәннен шығарылған ұрпақ сол популяциядағы генетикалық тұрақтылықты үздіксіз қамтамасыз ету үшін жылда бір дәннен алып отырдық. Яғни оны Қазақстанда жасасақ алты жыл уақыт кетсе, Ұлыбританияда уақытын екі есе қысқартып, үш жылда жасадық. Себебі ол жерде толық автоматтандырылған жылыжайлар бар. Енді біз оны ауқымды алып, 4 генетикалық карта, 4 карталанушы популяция алдық", - дейді зерттеуші.

Оның ерекшелігі - қазақстандық сорт пен



ұлыбританиялық сортты шағылыстыру.

"Яғни екеуінің генетикалық тұрғыдан алшақтығы өте жоғары. Ал еліміздің селекциялық процестеріне көбіне қазақстандық сорттар немесе генетикалық тұрғыдан өте жақын ресейлік сорттар алынады. Мысалы, бір-біріне өте жақын сорттарды шағылыстырғанда, соларға ұқсас қана өнім алынады. Ал біздің схема бойынша қазақ бидайының бойындағы маңызды экономикалық гендердің экзотикалық аллельдерін анықтай аламыз", - дейді маман.

Алайда бұл - Қазақстандағы бидай селекциясында кездесетін бір ғана кемшілік.

"Бидай селекциясы деген кезде жалпы өсімдік селекциясы деп аламыз. Мысалы, Қазақстандағы өсімдік селекциясында нақты қандай проблемалар бар деген кезде, біріншіден, өсімдік селекциясы негізінен дәстүрлі әдістерге негізделген. Ол дегеніміз - көзбен көріп, жазыққа егу. Қазіргі таңда жаңа геномдық ДНҚ технологиясы дамуының әсерінен селекциялық процестер жылдамдады. Дәстүрлі әдісті қолдану арқылы бір сорт шығару үшін жобамен 14 жыл кетсе, оны геномдық селекциямен біріктірген кезде жаңа сорт шығару уақытын екі есе қысқартуға болады. Екіншіден, еліміздегі селекционерлері өте еңбекқор, олар таңертеңнен кешке дейін жұмыс істеп жатыр. Бірақ ДНҚ құралдары жоқ болуының кесірінен жаңа сорт шығару үшін шағылыстырған кезде өзі жинап келе жатқан бұрынғы маңызды гендерді жоғалтып алу мүмкіндігі өте жоғары. Ал біз ұсынып отырған дәстүрлі және геномдық әдіс екеуін қосып істеген кезде бір-бірін толықтырады. Мысалы, селекционерлер бұрын жинаған маңызды генін жоғалтып алмастан жаңа генді тыңғылықты түрде екінші сортты екі есе азайған уақытта жеткізе алады. Яғни жаңа сортты алу уақыты қысқарады, екіншіден, дәлдігін арттырамыз", - дейді маман.

"Адам көп, бірақ білікті маман аз. Заманауи геномдық селекцияның талаптарына қазір беріліп жатқан білім деңгейі сай келе ме? Сондықтан нақты осы саланы алып жүре алатын білікті мамандарға мұқтажбыз.

Сонымен қатар, мемлекет пен генетиктердің, генетиктер мен селекционерлердің, селекционерлер мен фермерлердің арасында байланыс жоқ, болса да өте әлсіз. Президент жолдауында аграрлық саланы толық қайтадан жаңарту керек деді. Мысалы, тұқым шаруашылығын айтты, селекциялық процестерді жылдамдатуды айтты, технология, техниканы дамытуды айтты. Мемлекет оны жасап жатыр, қаржы бөлінеді, бірақ төртеуінің арасында байланыс жоқ. Генетиктер, молекулалық селекционерлер өзіміз жұмыс істеп жатырмыз, селекционерлер өзімен-өзі, фермерлер, мемлекет бөлек жүр. Осылардың арасындағы байланысты арттыратын жаңа заң тетіктері уақыт өткізбей жылдам қарастырылуы қажет", - дейді ол.

Қанат Ермекбаев тағы бір мақсаты - алған білімді тек білімде емес, ғылым саласында қолдану екенін айтты.

"Яғни алған нәтижені өндіріске енгізу. Тек зертханада мақтана бермей, сол геннің экономикалық әсерін фермердің егістігінде көру. Қазіргі таңда Жетісу облысындағы шаруа қожалықтарымен келесімге отырдық. Ол жерде карталанушы популяцияларымыздың ішінде 500-ге тарта жаңа линияларымыз бар. Ол - Ұлыбритания мен Қазақстанның арасындағы ғылыми жоба, Ғылым комитеті қаржыландырады. Оны Жетісу университетінің жылыжайында тексердік, келесі жылдан бастап егістікке шығарамыз. Бұл методологиямыздың ерекшелігі туралы айтар болсақ біздің шағылыстыру схемамыз жергілікті әдістен бөлек, сорт шығаруға кететін уақытты екі есе қысқартып тастау", - дейді ол.

"Жоба көп, ол үшін қаржы да бөлініп жатыр. Селекционерлер мен генетиктердің арасындағы байланысты ұйымдастыру қажет, сол бағытта да жұмыс істеп жатырмыз. Негізгі бағыт - әлемде өсімдіктер селекциясын жылдамдататын үлкен платформа пайда болды. Сол платформаны Жетісу университетінде құрайын деп жатырмыз. Бидайдың өсуіне 120 күн кеттеді десек, аталған платформаны қолданумен оны екі есе қысқартып, 60 күнге қысқартуға болады. Яғни геномдық селекцияның нәтижесін 12-14 жылды 7 жылға түсірсек, сол платформаның көмегімен 3-4 жылда сорт шығаруымыз мүмкін. Сол технологияны Қазақстанға әкелу - біздің мақсатымыз, ол үшін Жетісу университетінен қаржы да бөлініп қойды. Оны биылдан бастап құруымыз мүмкін.

Сонымен қатар, жасап жүрген зерттеулеріміздің нәтижесін өзімізде сақтап қана қоймай, көпшілікке қолжетімді еткіміз келеді. Генетикалық карта құру оңай емес, өте қымбат. Біз оны селекционерлермен де бөліскіміз келеді, соларға қолжетімді болғанын қалаймыз. Мысалы, белгілі бір сайт құрып, нәтижесін сол жерден алып отыратындай істесек дейміз", - дейді Қанат Ермекбаев.

**Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен дайындалды.**

# Ілияс атаған Жетісудағы жер түгі

## ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ «ЖЕТІСУ СУРЕТТЕРІ» ПОЭМАСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ӨСІМДІКТЕРДІҢ СЕГІЗІНШІ ТОПТАМАСЫН ҰСЫНАМЫЗ.



### ҚАРАҒАН АҒАШЫ

Қараған (Caragana) – бұршақтар тұқымдасына жататын бұта (ағаш). Шығыс Европа мен Азияның далалық, шөлді және таулы аймақтарында (4000 м биіктікке дейін) кездесетін 80-ге жуық түрі белгілі. Қазақстанда Ақмола, Шығыс Қазақстан, Алматы, Атырау облыстарының өзен алқаптарында, орман шетінде, шөлде, орманды далада, тоғайда, таудың тастақты беткейлерінде өсетін 18 түрі бар. Қараған – топырақ талғамайды, құрғақшылыққа, суыққа төзімді өсімдік. Жиі кездесетіні сары Қараған (C. arborescens) мен бұта Қарағанның (C. frutex) биіктігі 0,5 – 2 м. Жапырағы қос қауырсын тәрізді, оның сағағы тікенекті болып біткен. Гүлі бір-бірден не шоқтанып гүл сағағында, жапырақ қолтығында орналасқан. Гүл тостағаншасы түтік пішіндес, қапшыққа ұқсайды. Гүлшоғыры сары, кейін қоңыр түсті болады. Жемісі – көп тұқымды бұршақ. Жапырағы мен тұқымында 20,8 – 35,3% протеин, 4,3 – 8,2% май, 12,5 – 16,3% клетчатка бар. Топырақты құнарландырады. Қарағанның сүрегінен құрсау жасайды, жіңішке жас бұтақтарынан себет тоқылады. Мал азықтық, шірнелі, әсемдік өсімдіктер.

Сары қараған – дәрілік өсімдік, оның қайнатылған тұнбасын бас, бауыр ауырғанда, атеросклерозда, гиповитаминоз кезінде ішеді. Ал жапырағынан қайнатылған тұнбасының бактерияны жоятын қасиеті бар.

### ТОБЫЛҒЫ

Тобылғы (Spiraea) – раушангүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық бұта. Қазақстандағы далалы, таулы жерлерде өсетін 10 түрі бар.

Биіктігі 15–200 см. Сабағы түзу. Жапырағы қауырсын тәрізденіп тілімделген, жиектері ара тісті иректелген немесе бүтін болады. Гүлі қос жынысты, аталығының саны 10, аналығы – 5, ақ түсті, хош иісті. Гүлдері қалқанша, шатырша, сыпыртқы гүлшоғырына топталған. Мамыр – шілде айларында гүлдеп, тамызда жеміс салады. Жемісі – қабаттасқан жапырақша. Тобылғыны әсемдік үшін өсіреді. Балды өсімдік, жақсы мал азығы. Құм тоқтату үшін үй шаруашылығында пайдаланылады.





### БАУЫР ҚҰРТ

Бауырқұрт (лат. Hepática) – Солтүстік жарты шардың қоңыржай белдеуінің ормандарында кең тараған ақжұмсақ тұқымдасының шөптесін мәңгі жасыл орман өсімдіктерінің тұқымдасы.

Орталық Ресейде ормандарда бір ғана түрі кездеседі: асыл бауырлас (Hepatica nobilis), кейбір зерттеушілер Приморьенің оңтүстігіндегі таулы ормандарда өсетін азиялық бауырластарды (Hepatica asiatica) да ажыратады. Дегенмен, көбінесе кіші түр ретінде қарастырылады.

### БОЗҚАРАҒАН

Кәдімгі Қараған (Годжи жидек) «Қызыл алмас» жемісінің пайдалы қасиеттерімен және сәндік көрінісімен танымал. Бұл көпжылдық бұта. Биіктігі 200-300 см-ге дейін өседі. Төменгі ұзын бұтақтары бар. Гүлдер мен жемістер екінші жылы пайда болады. Гүлдену ұзақ - маусымнан қыркүйекке дейін. Қызыл жидектер жаздың аяғында піседі. Азық-түлікте жемістер тек кептірілген түрде қолданылады. Жидеге улы!





### ШЕҢГЕЛ

Шеңгел (Halimodendron) – бұршақ тұқымдасына жататын бұта. Қазақстанның шығыс, орталық және оңтүстік облыстарының далалық аймақтарында, құм, саз, топырақты жерлерде, жайылымдардағы бұталардың арасында, өзен-көл жағасында, қиыршық тасты сортаңдарда, тақырларда өсетін 1 түрі – ақ шеңгел (H. halodendron) бар. Оның биіктігі 50 – 200 см. Сабағы тықыр, кейде күмістей жылтыр, тікенді қабығы қара қоңыр түсті. Жапырағы қос қауырсын пішіндес, қысқа тікенекті. Гүлдері қызғылт не күлгін түсті, гүлсағағында құмыра не қоңырау тәрізденіп топтанған. Мамыр – маусым айларында гүлдеп, жеміс береді. Жемісі – сарғылт қоңыр бұршақ, тұқымы қызыл қоңыр, жылтыр түсті. Шеңгелді шөл және шөлейт аймақтардағы елді мекендерді көгалдандыру үшін арық бойына егеді. Әдетте тікенді болғандықтан, шеңгелді жерге мал жайылмайды, бірақ күз бен қыста — оның жемісі мен жапырағын түйе мен қой сүйсініп жейді. Шөлді жерлерде шеңгел отын ретінде қолданылады. Тамырынан жүн бояу үшін пайдаланылатын сары бояу алынады. Гүлдеген кезде шірнелі өсімдік.

### ШІЛІК

Шілік (лат. Salix rosmarinifolia) – талдар тұқымдасының тал туысына жататын аласа бұта. Қазақстанда Тобыл – Есіл атырабында, Солтүстік Қазақстанда, Ақтөбе облысында, Сарыарқаның батысында шымтезекті жерлерде, өзен алқабында, ылғалды шабындықтарда өседі. Биіктігі 1 м-ге дейін, шыбық тәрізді жіңішке бұтақты, жас бұтақтары түкті, бірнеше жылғы бұтақтары сарғылт қоңыр, түксіз болады. Жапырақтары қысқа сағақты, ұзындығы 2 – 8 см, ені 0,3 – 1 см, көк жапырақтарының екі беті де түкті болады. Гүлі ұсақ, өте көп, гүл сырғасы жапырағынан бұрын дамиды. Мамыр айында гүлдейді. Жергілікті жерде Шілікті отын ретінде пайдаланады.



**Т.УКУШЕВА,**
**жаратылыстану ғылыми бағыт бойынша білім беру бағдарламаларының оқытушы-дәріскері.**
**А.АУҒАНБАЕВ,**
**химия - биология мамандығының 3 курс студенті.**

Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00

# ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ ТАШКЕНТКЕ САПАРЫ

Жуырда Ілияс Жансүгіровтің 1920-1921 жылдары жас шағында жүріп өткен жолдары мен тәлім алған ортасымен танысу мақсатында Ташкент қаласында болып қайттық. Сапарласым, тарих ғылымдарының кандидаты, оқытушы дәріскер ғалым, Ержан Олжабайұлы Буланов болды.

Сөзімізді әріден бастасақ, жас кезінде Ілиястың оқуға деген ынтасы ерекше еді. Алғаш сауатын өзінің әкесі Жансүгірден ашты. Оны ақын былай деп еске алады: «Жансүгір әкем тірі. Жылы-жылан. Биыл 71-де. Жарым көшпелі, жұқана шаруа. Қолында бір шаруа баласы бар. Өмір жүзіндегі сүйенгені сол. Намазды «дұрыс оқырлық» мұсылманшасы бар. Ескі пікірлі адам...

